



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТИ
БАСПАҒЫ



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

АМАНАТ

IV
ТОМ

АМАНАТ



АЛДАБЕК
Нұржамал Әбдіразаққызы

*Тарих ғылымдарының докторы,
профессор*

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінің қытайтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы.

ҚХР, Құлжа қаласы, Жаңашәрі деген жерде 1954 жылы дүниеге келген.

1963 жылы Ұзынағаш ауылындағы Н.К. Крупская атындағы қазақ орта мектебіне оқуға түсіп, 1973 жылы сол мектепті бітірді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі. 1974 жылы тарих факультетіне оқуға түскен.

1989 жылы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің Азия және Африка елдері тарихы кафедрасының қызметкері.

1996-2002 Шығыстану факультетінің деканы қызметін атқарған.

2003 жылы 30 қаңтарда әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңесінде «Ресей, КСРО және Қытайдың Шыңжаңдағы саясаты (ХҮШ ғ. – 1949 ж.)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

1998 жылы Қытай Халық Республикасының ғылым мен білім саласы бойынша белгілеген халықаралық грант иегері

2005-2011 факультет деканы

2011 жылдың 1 қыркүйегінде ҚР БЖҒ Министрлігі мені Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетінің бірінші проректоры.



АРМАНҒА ЖЕТЕЛЕГЕН ӨМІР ЖОЛЫ...

Менің өмір жолым, әсіресе балалық шағым мен жастық шағым тақтайдай түзу жолдармен өтті дей алмаймын.

Менің әке-шешем қазақ халқының басына түскен ХХ ғасырдың 30-жылдарының ашаршылық пен кеңестік бай-манаптарды құдалау саясатының зардабынан жан сауғалап, қазіргі Райымбек ауданынан үй-жайы мен малын тастай қашып, жан сауғалап Қытайға көшкен отбасының балалары болған.

Әкемнің айтқан әңгімесінен естігенім, ештеден таршылық көрмеген байдың баласы 11 жасында бір түн ішінде дүние төңкеріліп түскендей болғанын, қызылдардың бай-манаптарды қырып-жою әрекетінен отбасын, ұрпағын аман сақтап қалу мақсатымен әкесі Қытайға қашуға мәжбүр болғанын білемін. Ол жақтағы көрген қиындықтарын әкем үнемі ауыр күрсініспен айтып отырушы еді. Мен сол Қытай жеріндегі Құлжа қаласының маңындағы Жанашәрі деген жерде 1954 жылы дүниеге келіппін. Әке-шешем ол жақта тағдырдың бар ауыртпалығын көрген, кейіннен естерін жиып, елге оралуды армандаған. 1961 жылдан басталған Хрущевтің «жылымық» жылдары шекара ашылып, қазақтар қайтадан еліне оралуына мүмкіндік ала бастайды. Менің әке-шешем 1963 жылы май айының 3-күні шекара асып, 3 баласы - бізді алып елге оралады. Шекарадан өткен соң, сол кездегі кеңестік тәртіптің бұйрығымен, бізді Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылына әкеліп қоныстандырды. Ол жылдар жағдайдың ауыр жылдары болатын. Қытайдағы ашаршылықтың зардабынан аздап азат болғанымызбен, кеңестік билік тұсындағы елге, жерге келген соң да жағдай ауыр қалпында өтіп жатты. Әке-шешемді колхоз мал бағуға жіберді, бізді интернатқа өткізді. Халықтың тұрмыс жағдайы онша оңып тұрмаған заман екені менің есімде. Мен 1963 жылы Ұзынағаш ауылындағы Н.К. Крупская атындағы казак орта мектебіне 1-класқа бардым. Сол интернатта жатып оқып, 10 сыныпты 1973 жылы бітірдім. Балалық шағымда аштықтың да, киім-кешектің жоқтығын да жетерліктей көрдім



МАЗМҰНЫ

<i>Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлы.</i> АЛҒЫ СӨЗ.....	3
<i>Абайдельдинов Тлеухабыл Мусинович</i> ЖИЗНЬ, ПОСВЯЩЕННАЯ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ.....	6
<i>Аққошқарова Құралай Ахметқызы</i> ІЗГІЛІК ІЗДЕРІ.....	18
<i>Алдабек Нұржамал Әбдіразақызы</i> АРМАНҒА ЖЕТЕЛЕГЕН ӨМІР ЖОЛЫ.....	28
<i>Арещенко Анатолий Иванович</i> ЖИЗНЬ В СПОРТЕ.....	44
<i>Байзакова Қуралай Иртысовна</i> МОИ ПУТЬ, МОЯ СУДЬБА.....	56
<i>Георгий Иванович Ксандопуло</i> ТРУД – ЦЕЛИТЕЛЬНЫЙ БАЛЬЗАМ, ОН – ДОБРОДЕТЕЛИ ИСТОЧНИК.....	66
<i>Елеуов Мадияр Елеуұлы</i> АРХЕОЛОГ – КИЕЛІ МАМАНДЫҚ БАСТАУ.....	84
<i>Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы</i> ЖАС ӨСКІН АТА-БАБА ДӘСТҮРІНІҢ МҰРАГЕРІ БОЛСЫН ДЕСЕК.....	94
<i>Жубанова Ажар Ахметовна</i> ПУТЕШЕСТВИЕ ОПЕРЫ «АБАЙ» ПО МИРОВЫМ ОПЕРНЫМ СЦЕНАМ.....	106
<i>Кәкен Хамзаұлы Қамзин</i> ПРОФЕССОР КӘКЕН ҚАМЗИН: «ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ ӨЗ ЖАЙЫМДА НЕМЕСЕ БАҚ ПЕН БАҚТЫҢ АРАСЫ».....	120
<i>Құсайынов Сейіт Ахмерұлы</i> МЕНІҢ САПАРЫМ.....	138
<i>Максимова Тамара Александровна</i> ПО ГОРОДАМ И ВЕСЯМ К ЧИНГИЗУ АЙТМАТОВУ.....	152

ӘОЖ 01
КБЖ 72
А 52

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ақсақалдар кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Жалпы редакциясын басқарған
Ғалымқайыр Мұтанов

Жауапты редактор
Зұлқайыр Мансұров

Редакция алқасының мүшелері:

Шолпан Джаманбалаева
Талғат Мекебаев
Меңдігүл Ноғайбаева
Калима Туенбаева
Марғұлан Ақан

А 52 Аманат IV: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми-педагогикалық қауымдастығы өкілдерінің мақалалар жинағы / жауапты ред. З. Мансұров. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 289 бет.

ISBN 978-601-04-1792-2

Бұл кітапқа әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми-педагогикалық қауымдастығы өкілдерінің мақалалар жинағы еніп отыр. Университет өмірінде ғана емес, отандық, сондай-ақ әлемдік ғылым мен білім саласында зор беделі бар, көргені мен түйгені мол, өмірдің небір қиын-қыстау кезеңдерінен өткен жандар ретінде танымал ғалымдардың өмірлік тәжірибесі, ой-толғамдары, болашақ жастарға деген ізгі тілектері берілген. «Аманат» болашақта дәстүрлі түрде шығып тұратын көп сериялы жинақтың 4-ші кітабы.

Жинақ студент жастар мен көпшілік оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ 01
КБЖ 72**

ISBN 978-601-04-1792-2

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016